

Shet shugylasy



Shet aýdandyq qoǵamdyq-saıası gazetı

Gazet 1937 jylǵan bastap shyǵady

beisenbi, 6 maýsym 2024 jyl №23 (11 116)

Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік

4-маусым - Мемлекеттік рәміздер күні

КЕНТТЕ ЖАҢА БАЛАБАҚША АШЫЛДЫ

Халықаралық балаларды қорғау күні С.Сейфуллин кентінде балабақша ашылып, тағы бір қуанышты жағдайдың күәсі болдық.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2025 жылға дейін 6 жасқа дейінгі балалар мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқытумен 100 пайыз қамтамасыз етілуі тиістігін айтқан болатын. Осыған сәйкес ауданымызда балабақшалар саны көбейуде. Бұған дейін мемлекеттік-жекеменшік әріптестік негізінде аудан орталығы Ақсу-Аюлыда, Босаға, Киікті, Ақжал елді мекендерінде ашылған болатын.

Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік негізінде ашылған «Қорлан апа» атты балабақшаның салтанатына аудан әкімі М.Мұхтаров бастаған әкімдік өкілдері, білім бөлімінің қызметкерлері мен кент тұрғындары қатысты. Салтанатты шарада аудан әкімі құттықтау сөз сөйлеп, өзінің ата-анасы тұрған шаңырақты мемлекетке тегін берген заң ғылымдарының докторы, профессор, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды



университетінің ректоры Н.Дулатбековке және осы үйді мемлекеттік бағдарлама аясында жаңартып, қосымша құрылыс жұмыстарын жүргізіп, балабақша ғимаратына айналдырған кәсіпкер Хайролла Нұрабайұлына алғысын білдірді.

Өз кезегінде Нұрлан Орынбасарұлы Қорлан анасының есімін иеленген балабақшаның ашылуына қуанышын білдіріп, бала-

бақша алаңына ойынға қажетті заттарды сыйға тартты.

Мұнан соң, лента кию рәсімі жасалып, ақ жаулықты аналар шашу шашты.

Айта кетейік, жаңа ашылған балабақшаға кенттің 17 тұрғыны тұрақты жұмыспен қамтылмақшы.

М.ДӘУЛЕТБЕКҰЛЫ.

ЕЛДІКТИҢ БЕЛГІСІ

Мемлекеттік рәміздеріміз бүкіл қазақстандықтардың, отандастарымыздың, әсіресе өскелең ұрпақтың санасында жаңғырып, жүректерге жол тауып жатыр. Туған еліміздің туы көтеріліп, Өнұраны шырқалғанда тебіреніп толқымайтын адам кемде кем. Мемлекеттер бірін-бірі танып, мойындап, мемлекет басшыларын қабылдағанда да алдымен айқара ашылып, көкке көтерілетіні оның Туы, халқының рухы мен үнін жеткізетіні - Өнұраны.

Жыл сайын бұл мереке ерекше салтанатпен аталып өтіп келеді. Бұл рәміздер біздің мемлекетіміздің

өткені, бүгінгі мен болашағы арасындағы сабақтастықтың жарқын бейнесі болып табылады.

Жылдағы дәстүр бойынша айшықты мерекеге арналған «Мемлекеттік Рәміздер - елдіктің белгісі» атты шара Ы.Алтынсарин атындағы мектептің Ту тұғыры жанында өтті.

Мерекелік шара Мағжан Жұмабаев, Сәкен Сейфуллин, Сыдық Мұхамеджановтардың өлең жолдарынан театрланған көрініспен ашылып, Ту көгеру рәсімі, автошеру және «Менің елім - Қазақстан» атты концерттік бағдарламаға ұласты.

Өз тілшімізден.



РӘМІЗДЕР - ЕЛДІГІМНІҢ РЕНІ, ТЕНДІГІМНІҢ ТІРЕГІ

Ақадыр кентінде жергілікті әкімдік пен Ш.Бейсекқызы атындағы мәдени-сауық орталығының ұйымдастыруымен Қазақстан Республикасы Рәміздері күніне орай «Рәміздер - елдігімнің рені, тендігімнің тірегі» атты мерекелік кеш ұйымдастырылды.

Алдымен көрермендер алдында Қазақстан Рес-

публикасының Туы көтеріліп, Өнұраны ойналды. Мерекеге байланысты салтанатты жиналыста мәдени-сауық орталығының директоры Н.Бесимов кенттік балалар кітапханасының меңгерушісі Н.Қалижан жиналған қауымға құттықтау сөздерін арнады.

Жиынға қатысушылар

кент көркемөнерпаздарының орындауындағы «Жаса қазағым», «Туған жер», «Жұмақ мекен» әндері мен «Шах-Нұр» би ансамблінің «Мен қазақпын», «Томирис» билерін тамашалады.

Қызықты, әрі әсерлі кештен барша жиналғандар көтеріңкі көңіл күйде тарқасты.

**Өз тілшімізден.
Ақадыр кенті.**



БАСПАСӨЗ БАРШАҒА!

“ШЕТ ШҰҒЫЛАСЫ” ЖӘНЕ “ШЕТ ӨНІРІ”
ГАЗЕТТЕРІНЕ 2024 ЖЫЛДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫ-
ЖЫЛДЫҒЫНА ЖАЗЫЛУ БАСТАЛДЫ

Shet shugylasy Shet oniri

АУДАНЫҚ “ШЕТ ШҰҒЫЛАСЫ” ГАЗЕТІНЕ 6 АЙҒА 1957.60 ТЕНҒЕ ИНДЕКСІ 65049

“ШЕТ ӨНІРІ” ГАЗЕТІНЕ 6 АЙҒА 1957.60 ТЕНҒЕ ИНДЕКСІ 65060

АУДАНЫҚ АПТАЛЫҚ БАСЫЛЫМДАРҒА “КАЗПОЧТА” АҚ ЖЕРГІЛІКТИ ЖЕРЛЕРДЕГІ БАЙЛАНЫС
БӨЛІМШЕЛЕРІНЕ БАРЫП ЖАЗЫЛУҒА БОЛАДЫ.